**Қазақстан-итальян үкіметаралық өнеркәсіптік және экономикалық ынтымақтастық пен алмасу жөніндегі жұмыс тобының екінші мәжілісін өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 20 мамыр N 55-ө

Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жандандыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2002 жылғы 23-24 мамырда Астана қаласында Қазақстан-итальян үкіметаралық өнеркәсіптік және экономикалық ынтымақтастық пен алмасу жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі - Жұмыс тобы) екінші мәжілісін өткізсін.

2. Қоса беріліп отырған Жұмыс тобының екінші мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде накты шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен Жұмыс тобының екінші мәжілісін өткізу үшін қаражат бөлсін.

5. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 20 мамырдағы
N 55 өкімімен
бекітілген

Қазақстан-итальян үкіметаралық өнеркәсіптік және экономикалық ынтымақтастық пен алмасу жөніндегі жұмыс тобының екінші мәжілісін дайындау және 2002 жылғы 23-24 мамырда Астана қаласында өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

---

| N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Делегацияның келу бағдарламасын дайындау | 2002 жылғы 21 мамырға дейін | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | Жұмыс тобының қазақстан бөлігі төрағасына Жұмыс тобының жұмыс регламенті (баяндамашы мен сөз сөйлеушіге берілген уақыт) бойынша ұсыныстар енгізу | 2002 жылғы 21 мамырға дейін | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 3 | Жұмыс тобының қазақстан | 2002 | Қазақстан Республикасының Қаржы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бөлігі төрағасына қазақ. стан-итальян үкіметара. лық өнеркәсіптік және экономикалық ынтымақ. тастық пен алмасу жөнін. дегі жұмыс тобының екінші мәжіліс күн тәр. тібінің және Хаттамасы. ның жобаларына ұсыныс. тар енгізу | жылғы 21 мамырға дейін | министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Көлік және коммуни. кациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы. ның Экономика және сауда министр. лігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурс. тар министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республика. сының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министр. лігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 4 | Жұмыс тобының қазақстан бөлігі төрағасына италия делегациясына қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу (Жұмыс тобының қазақстан бөлігі төрағасының атынан қабылдау, кофе-брейк, кеңсе тауарлары) | 2002 жылғы 21 мамырға дейін | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Бөлінген қаражаттың есебінен Жұмыс тобы итальян бөлігінің төрағасына ескерткіш сыйлық және италия делегациясының мүшелері үшін кәдесыйлар сатып алуды ұйымдастыру | 2002 жылғы 21 мамырға дейін | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| 6 | Италия делегациясы мүше. леріне көліктік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету | 2002 жылғы 23-24 мамыр | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 7 | Жұмыс тобы екінші мәжілісінің жұмысын баспасөзде жариялауды және Жұмыс тобы мәжілі. сінің қорытындылары бойынша баспасөз конференциясын өткі. зуді ұйымдастыру | 2002 жылғы 23-24 мамыр | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 8 | Жұмыс тобының қазақстан бөлігі төрағасының, Жұмыс тобының қазақстан бөлігі өкілдерінің сөйлейтін сөздерін дайындау | 2002 жылғы 21 мамырға дейін | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Көлік және коммуни. кациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы. ның Экономика және сауда министр. лігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурс. тар министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республика. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | сының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министр. лігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 9 | Делегацияның әуежайда, жол жүру бағыттары бойынша қауіпсіздігін, болатын орындары мен кеңес өткізу барысында және Жұмыс тобының жұмыс кезеңінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамта. масыз ету | 2002 жылғы 23-24 мамыр | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 10 | Қазақстан Республикасы. ның Үкіметіне Қазақстан-итальян үкіметаралық өнеркәсіптік және эко. номикалық ынтымақтас. тық пен алмасу жөніндегі жұмыс тобы екінші мәжілі. сінің қорытындылары бойынша есепті ұсыну | 2002 жылғы 10 маусым. ға дейін | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК